

## **ЛЕКСИКАЛАНУ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ**

Жалпы тіл білімінде лексикалану мәселесің көптен зерттеу нысанына айналған. Лексикалану мәселесі туралы А.А. Реформатский өзінің “Введение в языкознание” деген еңбегінде, Л.А. Новиковтың “Лексикализация форм числа существительных в русском языке” О.А. Кузнецова-ның “О понятий лексикализаций” деген мақалаларында жазылған.

В.М. Жирмунский “О границах слова” деген мақаласында сөз тіркесінің дамуы туралы мынадай ғылыми бағалы ой айтады:

1. Сөз тіркесі грамматикалану бағытында дамып, сөздің аналитикалық формасына айналады;
2. Сөз тіркесі лексикалану бағытында дамып, фразеологиялық бірлікке айналады да, мағыналық жақтан сөздің фразеологиялық эквиваленті жасалады [1, 25].

Демек, автор сөз тіркесіндегі лексикалану процесінің болу мүмкіндігін анықтаған.

Лексикалану дегеніміз - тілдік элементтің және әртүрлі тілдік элементтер жиынтығының жеке атау сөзге айналуы. Яғни лексикалану тек сөз тіркестеріне ғана тән емес, сонымен бірге, сөзформалар мен морфемаларға да тән деп есептеледі.

Лексикалану мәселесінің жеке проблемалары ретінде, көмекші морфемалардың кейде атау ретінде жұмсалу қабілеті, сөзформалардың және септік жалғауларында тұрған сөздердің контексте атау ретінде жұмсалуы, сөз тіркестерінің атау ретінде жұмсалуы, фразеологиялық бірліктер, әсіресе, идиомалар қарастырылады.

Лексикалануға “Лингвистический энциклопедический словарьда” мынадай анықтама беріледі: “Лексикализация – превращение элемента языка, (морфемы, словоформы) или сочетания элементов (словосочетания) в отдельное знаменательное слово или в другую эквивалентную ему словарную единицу” [2, 258].

Қазақ тілінде шыққан “Қазақ тілі энциклопедиясында” да осы текстес анықтама беріледі. Мұнда лексикалану мәселеңі қазақ тіл білімінде зерттелмеген құбылыстың бірі екені аталып өтеді [3, 254].

Лексикалану теориясы туралы біршама пікір айтқан А. Ысқақов болды. Ғалым өзінің Қазіргі қазақ тілі (морфология) атты еңбегінде бірінші рет қазақ тіліндегі лексикалану процесіне мән береді. “Жай синтаксистік тіркестің тұрақты сөз тіркесіне тән қасиетке ие болып, бір ұғымның атауы ретінде жұмсалуын лексикалану дейміз” деп жазады да, ондай тіркестердің құрамындағы сыннарларының логика-семантикалық, грамматикалық байланыстары көмекіленбейтіндігі, өз орындарында тұрып, біртұтас лексикалық мағынаны беретіндігі жөнінде пікір айтады.

Автордың пайымдауынша, еркін сөз тіркестерінің лексикалануынан туындаудың сөздер көбінесе термин сөздер мен күрделі атау сөздер: “Лексикаланған тіркестен күрделі термин сөздер мен атау сөздер көп туады” [4, 94].

Лексикалану туралы біршама ғылыми пікір-лер де бар. Айталық, профессор К. Аханов барыс септігі қосымшасының көнеленуі арқылы жасалған зорға, текке, кешке, бекерге, бірге тәрізді үстеулер, т.б. сөздер осы лексикалану процесінің жемісі ретінде бағаланғандығы жазылады.

Профессор М. Томановтың “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” деген оқулығында да лексикалану процесінің тарихилігі туралы айтылады. Айталық, ғалым барыс септігінің тарихи дамуы туралы ойларын қорыта келе былай деп жазады: “Қазіргі қазақ тіліндегі сыртқары, іш-кері, шеткері, жоғары, тыскары сөздері де сондай процестің нәтижесі [5, 156].

Қазақ тіл білімінде лексикалану мәселеңі туралы осындағы әр жерде айтылған ойлар болмаса, тақырып кең ауқымда әлі де зерттеу нысанына айналған. Бұл мәселені кеңірек зерттеуге талаптанған еңбек Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағманов зерттеулері болды. Ғалымдар өздерінің “Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі” атты еңбегінде “Сөз тіркестерінің лексикалануы” деген тақырыпша береді. Мұндағы негізгі көтерілген мәселе аса ауқымды. Онда лексикалану процесінің тарихи процесс екенін, әрі оның өзіндік даму жолы болғанын айта келіп: “Сөз тіркестерінің сөйлеу процесінде біртінде лексикалық единицага айналуы (номинативтену) қазақ тіліндегі сөз жасаудың ең бір өнімді тәсілдерінің және оның ішінде көне тәсілдерінің бірі болып саналады” – деп жазады [6, 310]. Ғалымдар көрі жілік, тоқпан жілік, ор-

тан жілік, су жылан, оқ жылан деген тіркестерді мысалға келтіре отырып, бұл тіркестер әуел баста еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқанын, өйткені аталған тіркестердің алдыңғы сыннарлары соңғы сыннарларының қасиетін, белгісін білдіріп, өздері толық лексикалық мағынасын сактаған, сөйлемде белгілі бір қызмет атқарғанын айтады. Бірақ тілдің дамуы барысында, үздіксіз қолданыстың нәтижесінде лексикаланып, тіркес құрамындағы алдыңғы сыннарлардың қасиетін, белгісін білдіру мүмкіндігінен айрылып, мағыналық дербестіктен қол үзіп, заттың атауына ауысқанын, сөйтіп күрделі сөздердің қатарына қосылғанын талдап жазады. Сөйтіп, әуел бастағы еркін сөз тіркесі сөйлеу процесінде қолданылу нәтижесінде жана мағыналы туынды сөзге айналғанын тәптіштеп түсіндіреді. Ғалымдар осындағы лексикалану процесі нәтижесінде пайда болған сөздерге жер-су атауларын да қоса келе, мұнның өзі тілдің тарихи қалыптасуы мен дамуы бойында жасалатын процесс екенін айтады. Еркін сөз тіркесінен біртебірте қалыптасқан сөздерге, сондай-ақ бой жету сөзін ала отырып, оның бойжеткен тұлғасына дейін даму жолында бұрынғы қолданыстарында бойға жетіп, бойға толып т.б. түрінде де қолданыста болғанын нақты мысалдармен жазып дәлелдейді. Яғни бұдан жасайтын негізгі түйініміз, ғалымдар еркін сөз тіркесінен жана атаулар жасаудың тарихи процесс екенін, әрі оның қазақ тілінде, сондай-ақ барлық түркі тілдерінде бар құбылыс екенін дәлелдеп келтіреді.

Зерттеу нысанымызға сәйкес біз матаса байланысқан сөздердің лексикалануын айқындаيمыз.

Қазіргі тілімізде әбден қалыптасып кеткен мынадай атаулар бар: Қазақстанның халық әртісі, Еңбек Ері, ұзартылған күн режимі, үйлестіру кеңесі, магнит таспасы, сөз орамы, еңбек нормасы, тіл білімі, Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері бас штабының Байланыс департаменті, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), сөйлеу тілі, сөйлеу стилі, ана тілі, Каспий теңізі, Балқаш көлі, Республика аланы, Абай кітапханасы, Пушкин мектебі, Өзбекстан Республикасы, Ресей мемлекеті, Есіл өзені, Шу өзені, Көксу өзені, Ақсу-Жабагылы қорығы, Тянь-шань тауы, Тарбағатай тауы, Кеңестер Одағы, мал шаруашылығы, Қазақ университеті, филология факультеті, тарих факультеті, химия факультеті, экономика факультеті, дыбыс жүйесі, т.б.

Қазақстанның халық әртісі немесе Еңбек Ері деген сөздер XX ғасырдың тек орта кезінен бастап

қалыптасқан атаулар. Қазақстан, халық, әртіс сөздері бұрын жеке-жеке қолданылып, кең мағынасында жұмсалып келген еді. Олардың бір атау ретінде жұмсалуының өзінің тарихи даму жолы бар. Кенес заманында енген ұфыммен сәйкес Қазақстанның халық әртісі деген атау қалыптасты. Кенес дәүіріне дейін болған әртістердің мұндай атағы, даңқы болмағандыктан, ондай атау да болған жок.

Енбек ету, енбек ету арқылы жоғары атакқа жетуде Кенес кезеңінің ең негізгі жетістіктерінің бірі. Енбек Ері, Социалистік Енбек Ері атактарының болуы атау ретінде жұмсалуының өзінің әлеуметтік саяси негізі, астары, уәжі бар.

Ә. Аблаков, С. Исаев, Е. Ағманов өздерінің “Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі” деген зерттеулерінде “Матаса байланысқан сөз тіркесі және оның дамуы” деп аталағын тарауша бар. Осында Арап тенізі, Республика алаңы т.б. сияқты сөздердің күрделі сөз ретінде анықталатының айта келе былай деп жазады: “Бұлар сөйлеу процесінде туған синтаксистік тіркестер емес, осы тұлғасында даяр бір бүтін лексема ретінде, синтаксистік тіркестердің лексикалану процесі негізінде қалыптасқан тіркестер немесе сондай ұлғінің негізінде қалыптасқан даяр бүтін ретінде қолданылады, сөйтіп, сынарлары арасындағы синтаксистік қатынастар жымдаса түсіп, бір сөздің баламасы ретінде жұмсалады да, әдетте сөз тіркесінің бір сынары ретінде ғана қолданылады” [6, 272].

Яғни, матаса байланысқан сөз тіркестерінің негізінде қалыптасып, пайда болған жаңа мағыналы атауларды ғалымдар лексикалану процесінің негізінде жасалған деп аныктайды. Осы негізге сүйене келіп, біз де матаса байланысқан сөздердің негізінде жасалған атауларды түнінде сөз ретінде танимыз. Грамматикалық тұрғыдан алып қараганда, олар бір ғана сұраққа жауап береді, бір сөйлем мүшесі болады, сөз тіркесінің бір ғана сынарының қызметін атқарады. Ал мағыналық тұрғыдан бір ғана заттың немесе құбылыстың атауы болады.

Лексикалану процесі өте күрделі мәселе екені жоғарыда аталды. Лексикалану тек матаса байланысу арқылы ғана емес, өзге байланыс түрлері арқылы да жасала алады. Матаса байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған лексикалану процесі тілімізде көне кезеңнен бастау алатындығы туралы Е. Ағманов еңбектерінде жазылады. Әрбір кезеңдегі қалыптасқан жаңа атауларды атаудың бір тәсілі ретінде бұл тәсіл де зерттеліп, аналитикалық тәсілдің ең өнімді қалыптарының бірі ретінде зерттеле ала-

ды.

Сөзжасамдық тәсілдердің ішіндегі ең өнімдісі аналитикалық тәсіл екені белгілі. Демек жаңа сөз жасаудың негізгі жолдарының бірі сөз тіркесі арқылы орындалады.

Біз тілдің табиғи дамуы дегенде, кей ғалымдар қарастырып жүргендегі, лексикалық қабаттағы терминдердің жаңаурымен, немесе өзге тілден енген термин сөздердің есебінен молықкан лексикалық қабаттың айтпаймыз. Тілдің табиғи дамуы - өте ұзак уақытқа созылатын эволюциялық даму. Ол даму дыбыстардың жіктелуі, мағынаның дамуы т.б. арқылы орындалады. Біздің пайымдауымызша, тіл өзгеріске түспейді. Тек ұфымдардың жіктеле дамуының нәтижесінде іші-нара таңбалық және мағыналық жағынан дамиды, жетіледі.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі күрделі сөздер деп танылатын сөздердің барлығының да негізі - сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің бір жұп болып жұмсалуының негізінде дами келе, бірте-бірте жаңа ұфымды атайдын түнінде мағынаға ие болып, жеке сөз сипатына енген. Сөз тіркестерінің атау ретінде танылуының өзіндік қыр-сыры айқындалуы қажет.

Атау ретінде танылмай, бірақ атаулық қызметте жұмсалып жүрген сөздер өте мол-ак. Күрделі сөз ретінде танылмағандыктан, олардың ешқайсысы қазіргі таңда ешбір сөздікке ене алмай жүргені де жаңалық емес. Ал мұндай сөздерді атау сөз ретінде тану үшін олардың ішкі мағыналық құрылымын семантикалық аспектіде саралап, талдап, зерделеп, олардың мағыналық болмысын анықтайтын теориялық тұғырнамасын жасау орынды болмақ. Ен алдымен, күрделі атау ретінде тану үшін түнінде сөздерді номинация теориясы арқылы тексеру қажет.

Сөз тіркестерінің лексикалану жолы аз ғана уақыттың жемісі емес. Сондықтан да бұл процесті тарихи-диахрониялық әдіс негізінде ғана анықтауға болар еді. Ол үшін атау мағынасының пайда болу жолдарын, қай сөз тіркесінің нәтиже-сінде орындалғанын, мағыналық құрылымындағы ерекше белгілердің қалыптасуына семалық талдау жасау қажет болады. Бұл болашақ зерттеудің еншісінде.

Сөз тіркестері арқылы пайда болған жаңа мағыналы түнінде сөздердің табиғаты әсіресе етістіктен болған сөздерде аса киын танылады. Мұның да өзіндік ішкі заңдылығы бар. Заттық, сындық ұфымдар негізінде пайда болған күрделі атауларды көруге, қолмен ұстауға болады, сондықтан олардың жаңа сөз, түнінде атау екенін дәлелдеу аса киындыққа түспейді. Ал етістіктің абстрактылық табиғаты

мұндай мүмкіндік бер-мейді.

Туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасы туралы Н. Оралбаева “негіз сөздің мағынасының негізінде басқа мағынаның жасалуын негіз-ден өзгерген мағына деп атайды”. Оған жасар, қарала, қартай деген мысалдар көлтірген.

Ал түрлеген туынды мағынаға “Сөзжасамда туынды мағына негіз сөздің мағынасын өзгерпей, оның мағынасына үстеліп қосылуы мағынаның түрленуіне жатады. Мысалы: дөнен-дөнежін, бала-балапан, көл-көлшік, әке-әкетай т.б. Бұларда негіз сөздің лексикалық мағынасы туынды сөзде толық сакталған, бірақ оның үстіне туынды сөздерде түрлі мағына қосылған” деген түсінік беріледі.

Окулықта осы көлтірлген туынды мағынаға мынадай сипаттама беріледі: “Негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы қатысты үшінші түрінде туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мысалы, қатырма (етістік), – қатырма (зат есім), катар (зат есім) – қатар (үстене), айтыс (етістік) – айтыс (зат есім) т.б.

Демек, бұдан байқалатын жайт, сөзжасамның туынды мағыналарының барлығы да лексикалық мағынаға жатады. Туынды лексикалық мағына – толық мағыналы атап, онда сөзжасамдық мағынаның әртүрлі сипатты ерекшеліктері анықталған алады.

Қазақ тіл білімінде семантиканы терен зерттең ғалымдардың бірі М. Оразов “Қазақ тілінің семантикасы” атты зерттеу еңбегінде: “лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түсken объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің түрлі құбылыстардың адам санаудағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі” деп жазады. Яғни ғалымның ойынша, кез келген сөздің бойында сигнifikаттық мағынаның үлесі болады екен. Осы ғылыми тұжырымға сүйене отырып, біз де матаса байланысқан тіркестер негізінде қалыптасып, атап сөз ретінде танылған сөздердің құрамында сигнifikаттық мағынаның болатындығын байқаймыз.

Мысалы, өнімнің ассортименті, құжастың кіріс номері, халықтың ұдағы өсүі сияқты атаулардың мағынасын айқындайтын болсақ, осы сөздер-дің ішкі мағыналық құрылымында денотаттық та, сигнifikаттық та мағына бар екенін анықтауга болар еді. Бір жағынан өнімнің ассортиментін қолға ұстап, көзбен көруге болады. Ол – денотат. Екінші жағынан, жоғарыда М. Оразов атап көрсеткендей, өнімнің ассортименті атап адамның санауда қабылданған жалпыланған ұғым. Біздің ата-

уымыз дәл сол денотаттың ұғымдық желісімен, заттың барлық қасиеттерімен толық сәйкес келеді деуге болмайды. Ол ұғымда жалпыланып, тек кейір негізгі бір қасиеттерін негізге алып қана жеке атап болады. Жалпы негізгі денотат-когнитив – өнім. Сол өнімнің сансызы қасиеттері мен белгілері бар. Өнімнің ассортименті деген атап соның бір ғана мағыналық желісін таңбалайды. Ассортимент сөзінің нақты таңбалық көрінісі төл тілімізде болмағандықтан, ұғымды қолданушыларға, айтушыларға түсінікті етіп таңбалау үшін жеке атап кірме сөз ретінде алынған.

Осындай теориялық ойды біздің нысанымызға айналып отырған матаса байланысқан сөз тіркестерінен жасалған атаулардың қалыптасуына байланысты да айтуда болар еді.

Мысалы, тыныс белгісі, анықтама жолы деген термин сөздерді алып қаралық. Тыныс белгісі терминінің аталуы осы сөздердің құрап тұрған негіздердің мағыналары арқылы анықталып тұр. Екіншіден жаңа атаудың өзі тыныспен және осы тыныстау арасына қойылатын белгімен тығыз байланысты. Кез келген атап сөзді осылайша қа-растыру сөздердің мотивациялану жүйесін анықтауда алып келеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде туынды сөз деген термин сөзжасамдық әрекет негізінде жасалған сөз атауларының бәріне де бірдей қолданылатыны беретіні белгілі жағдай. Туынды сөз жасалса, оның сөзжасамдық мағынасы бар деген сөз. Сондықтан да матаса байланысқан тіркестердің атаулық сипатқа көшуі есімдердің барлығының да сөзжасамдық мағынасының болуымен байланысты.

Сөзжасамдық мағына мәселесі сөзжасамның жеке сала ретінде таныла бастағанынан бері ғылыми айналысқа түсіп келеді. Сондықтан атаулардың сөзжасамдық мағынасын анықтау негіз-ті теориялық мәселелердің бірінен саналуы тиіс. Әсіресе аналитикалық тәсіл негізінде жасалған атаулардың табиғатын айқындауда, ондағы сөзжасамдық мағынаны талдаудың, белгілеудің маңызы ерекше деп пайымдаймыз.

Шахмет Құсайынов атындағы қазақ музыкалық драма театры, Кенжебек Күмісбаев атындағы мәдениет үйі, Тахаяу Ахтанов атындағы облыстық қазақ драма театры, Газиза Жұбанова атындағы облыстық филормония, Фариғолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филормониясы т.б. сияқты мысалдардағы атаулар мағынасының қалыптасуында өзіндік ерекшелік бары анық. Бұл атаулар белгілі бір нысанының аты болғандықтан, жеке атап ретінде таны-

лады. Дегенмен, бұндай атаулардың сөзжасамдық мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасынан мүлде өзгеше, ерекше деп айта алмаймыз. Бірақ, мағыналық тепе-тәндік те жоқ. Келтірілген мысалдарда атаулық тіркестер жасалып, жаңа туынды сөзжасамдық мағына пайда болған. Бұл туынды сөздердің уәждеме сөздері *Шахмет Құсайынов*, атындағы, қазақ, музыкалық, драма театры, *Кенжебек Күмісбаев*, мәдениет, уй, *Тахауи Ахтанов*, облыстық, драма, *Ғазиза Жұбанова*, филормония, *Фарифолла Құрманғалиев*, *Батыс Қазақстан*. Негіз сөздің лексикалық мағынасы уәждемелі туынды сөзде өзгеріп кетпей, сакталып, ол құбылғандықтан, өзгергендейдіктен, олардың жаңа сөзжасамдық мағыналары туындаған.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Жирмунский В.М. О границах слова // Сб. Морфологическая структура слова в языках различных типов. М., 1963, №4. С. 14-28.
2. Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. Энцикл., 1990. 682 с.
3. Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998. 490 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы.

1991.

5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1981. 264 б.
6. Аблаков Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы: Саннат, 1997. 320 б.